

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асырудың құқықтық негіздерін анықтайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жастар - Қазақстан Республикасының он төрт жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі азаматтары;

2) жас отбасы - ерлі-зайыптылардың екеуі де жиырма тоғыз жасқа толмаған отбасы не жиырма тоғыз жасқа толмаған ата-ананың біреуі, соның ішінде ажырасқан, түл қалған еркек (жесір әйел) балаларды (баланы) тәрбиелейтін толық емес отбасы;

3) мемлекеттік жастар саясаты - мемлекет жүзеге асыратын және жастарды қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және құқықтық шаралар жүйесі;

4) жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым - жастар тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажетті объектілер (үйлер, құрылыстар, ғимараттар), сондай-ақ жастардың денсаулығын сақтау, оларға білім беру, оларды тәрбиелеу, әлеуметтік бейімдеу, дене тәрбиесі, рухани және имандылық жағынан дамыту, жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар жүйесі;

5) жастарға арналған әлеуметтік қызметтер - жастарға медициналық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер мен материалдық көмек көрсету, олардың әлеуметтік бейімделуіне және оналуына жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар;

6) жастар ұйымы - негізгі мақсаты әлеуметтік, мәдени, білім беру міндеттерін және жастардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғауға бағытталған өзге де міндеттерді шешу, рухани және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылатын, мүшелері (қатысушылары) жастар өкілдері болып табылатын [заңды түлғалар қауымдастығы \(одағы\)](#) , [қор](#) , сондай-ақ [қоғамдық бірлестік](#)

нысанында құрылған коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйым;

7) жастар саясаты мәселелері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - берілген өкілеттіктер шегінде мемлекеттік жастар саясатын үйлестіруді және іске асыруды жүзеге асыратын [орталық атқарушы орган](#) .

2-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдары

1. Казакстан Республикасынын мемлекеттік жастар саясаты туралы заңдары Казакстан Республикасынын [Конституциясына](#) негізделеді және осы Заң мен Казакстан Республикасынын озге де [нормативтік қуқықтық актілерінен](#) тұрады.

2. Егер Казакстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдагыдан озгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттын ережелері колданылады.

3-бап. Мемлекеттік жастар саясатынын максаттары, міндеттері және принциптері

1. Казакстан Республикасындагы мемлекеттік жастар саясаты жастардын рухани, мәдени, білім алуы, кәсіби қалыптасуы мен дене тәрбиесін дамытуы үшін әлеуметтік-экономикалық, қуқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасау, бүкіл қоғам мүддесі үшін олардын шығармашылық әлеуетін ашу максатында жүзеге асырылады.

2. Казакстан Республикасындагы мемлекеттік жастар саясатынын міндеттері:

- 1) жастардын қуқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- 2) жастарға көмек беру және әлеуметтік қызметтер қорсету;
- 3) жастардын әлеуметтік маңызды бастамаларын іске асыру болып табылады.

3. Казакстан Республикасынын мемлекеттік жастар саясаты:

- 1) ерекше әлеуметтік-демографиялық топ ретінде жастардын мүдделері мен қажеттіліктерін тану;
- 2) Казакстан Республикасынын тарихи және мәдени құндылықтарынын басымдылығы;
- 3) тән саулығын сақтау және нығайту;
- 4) адамгершілік және рухани даму;
- 5) казакстандық патриотизмді қалыптастыру;
- 6) азаматтықты қалыптастыру;
- 7) жастардын қуқықтары мен бостандықтарын іске асыру;
- 8) жастардын проблемаларын шешудегі жүйелілік пен кешенділік;
- 9) мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру мен іске асыруға жастардын тікелей қатысуы принциптеріне негізделеді.

4-бап. Казакстан Республикасы мемлекеттік органдарынын мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қузыреті

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) мемлекеттік жастар саясатын әзірлейді;
- 2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 3) [уәкілетті органның](#) функцияларын, өкілеттігі мен құрылымын бекітеді;
- 4) мемлекеттік жастар саясаты саласында нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;
- 5) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі консультациялық-көмекші органын [құрады](#) ;
- 6) өзіне Қазақстан Республикасының [Конституциясымен](#) , заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

2. Уәкілетті орган:

- 1) мемлекеттік жастар саясатын іске асырады;
- 2) Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік жастар саясаты саласындағы қызметін үйлестіреді;
- 3) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 4) мемлекеттік жастар саясаты саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;
- 5) өз құзыреті шегінде мемлекеттік жастар саясаты саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- 6) мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметті ақпараттық және ғылыми қамтамасыз етуді ұйымдастырады;
- 7) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 8) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де [заңдарында](#) , Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде қозғалған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Өзге орталық атқарушы органдар өз құзыреті шегінде:

- 1) мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды қамтамасыз етеді;
- 2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 3) мемлекеттік жастар саясаты саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;
- 4) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде қозғалған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4. Жергілікті өкілді атқарушы органдар өз құзыреті шегінде:

- 1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
- 2) жергілікті атқарушы органдар мен ұйымдар басшыларының мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың жай-күйі туралы есептерін тыңдайды;
- 3) Қазақстан Республикасының [заңнамасына](#) сәйкес азаматтардың құқықтары мен

занды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде:

1) өңірлерде мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) өңірлерде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі консультациялық-кеңесші органдарын құрады және олардың қызметін қамтамасыз етеді;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының [заңнамасымен](#)

жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013

[№ 124-V](#)

(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014

[№ 159-V](#)

(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары

5-бап. Мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатының негізгі бағыттары:

1) жастардың құқықтары мен бостандықтарын сақтауды қамтамасыз ету;

2) жастар еңбегі мен олардың жұмыспен қамтылуы саласындағы кепілдіктерді қамтамасыз ету;

3) жастардың кәсіпкерлік қызметіне жәрдемдесу;

4) жас отбасыларын мемлекеттік қолдау;

5) жастардың тегін негізгі орта, жалпы орта білім алуына консультациялық [құқығын](#) іске асыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;

6) жастарды тәрбиелеу және оларға жан-жақты білім беру үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;

7) балалар үйлерінің мүгедек және тәрбиеленуші жастарының құқықтары мен әлеуметтік қорғалу кепілдіктерін қамтамасыз ету;

8) жастардың патриоттық және азаматтық тұрғыда қалыптасуы үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;

9) жастардың бойында ұлттық мәдениет пен тілді дамыту үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;

10) жастардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету, олардың салауатты өмір салтын қалыптастыру;

- 11) әлеуметтік колдауға мұқтаж жастарға әлеуметтік көмекті қамтамасыз ету;
 - 12) жастардың мәдени бос уақыты мен демалысы үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету;
 - 13) талантты жастарды мемлекеттік қолдау;
 - 14) жастар саясатын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың коммерциялық емес жастар ұйымдарымен ынтымақтастығы;
 - 15) жастардың халықаралық ынтымақтастығына жәрдемдесу болып табылады.
- Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.07.27 [№ 320](#) (қолданысқа енгізілу тәртібін [2-баптан](#) қараныз)
Занымен.

6-бап. Жастардың әлеуметтік құқықтары

Қазакстан Республикасында жастардың:

- 1) Қазакстан Республикасының [зандарына](#) сәйкес мемлекеттік медициналық мекемелерде тегін медициналық қызмет қорсетілуіне;
- 2) Қазакстан Республикасының [зандарына](#) сәйкес мемлекеттік оқу орындарында тегін негізгі орта, жалпы орта білім алуға, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім алуға;
- 3) жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша жеңілдікті жағдайларда мемлекеттік спорттық-сауықтыру және мәдени-ағарту ұйымдарына баруға;
- 4) жергілікті оқиді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілер үшін қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруге;
РҚАО-ның ескертпесі!
- 5) тармақша 2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі.
- 5) Қазакстан Республикасының [зандарына](#) сәйкес, жастар арасынан орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитындар үшін қалааралық темір жол және автомобиль көлігінде (таксиден басқа) қысқы және жазғы каникулдар кезеңінде жеңілдікпен жүруге;
- 6) құқықтық, психологиялық, педагогикалық мәселелер, сондай-ақ отбасылық және жыныстық тәрбие мәселелері бойынша консультациялар түрінде әлеуметтік қызмет қорсетулерді; мүгедектерді, әскери қызметтен босатылған әскери қызметшілерді, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, арнаулы білім беру ұйымдарынан және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарынан оралған адамдарды, нашакорлық, уытқумарлық, маскүнемдік дертінен емделуден өткен адамдарды, адамның иммунитет тапшылығы вирусын жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауыратын адамдарды оналту жөніндегі қызмет қорсетулерді түтынуға;
- 7) Қазакстан Республикасының [зандарына](#) сәйкес мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға;
- 8) білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім гранты бойынша оқитындар үшін Қазакстан Республикасының [зандарында](#) белгіленген молшерде және тәртіппен ай

сайынғы мемлекеттік стипендия алуға;

9) окитындардын жоғары оқу орындарында оқу кезенінде Казакстан Республикасынын [зандарында](#) белгіленген тәртіппен кәсіби білім акысын толеу үшін және тамакқа, тұрға және оқу әдебиетін сатып алуға жұмсалатын шығындарды ішінара өтеуге білім беру грантын алуға әлеуметтік квқыктары бар;

10) ауыл жастары арасынан шыккан азаматтар үшін техникалык және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беретін кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына ауылдын әлеуметтік-экономикалык дамуын айкындайтын мамандыктар бойынша оқуға түскен кезде Казакстан Республикасынын Үкіметі [айкында йтын](#)

молшерде кабылдау квотасы козделеді.

Ескерту. 6-бапка озгерістер енгізілді - КР 2007.07.27 [№ 320](#) (колданыска енгізілу тәртібін [2-баптан](#)

караныз), 2010.11.23

[№ 354-IV](#)

(алғашкы ресми жарияланганынан кейін квнтізбелік он квн откен сон колданыска енгізіледі) Зандарымен; 03.07.2013

[№ 121-V](#)

(алғашкы ресми жарияланганынан кейін квнтізбелік он квн откен сон колданыска енгізіледі) Конституциялык занымен.

7-бап. Жастардын саяси квқыктары мен бостандыктары

Казакстан Республикасынын жастары Казакстан Республикасынын [Конституциясын да](#) және баска да зан актілерінде козделген барлык саяси квқыктарға және бостандыктарға ие болады.

8-бап. Жастардын енбек және жұмыспен камту саласындагы кепілдіктері, олардын тұргын үй проблемаларын шешуге жәрдемдесу

1. Казакстан Республикасындагы мемлекеттік жастар саясаты енбек және жұмыспен камту саласында:

1) жастарға арналган когамдық жұмыстарды дамыту;

2) алып тасталды - КР 03.07.2013 [№ 124-V](#) Занымен (алғашкы ресми жарияланганынан кейін квнтізбелік он квн откен сон колданыска енгізіледі);

3) жастарға арналган жұмыс орындарын квратын шаруашылык субъектілерінін кызметін ұйымдастырушылык жагынан колдау;

4) Қазақстан Республикасының еңбек туралы [зандарына](#) сәйкес жастардың еңбек бірлестіктерін құру және қызметін ұйымдастыру, соның ішінде оқу орындарының базасында құру және қызметін ұйымдастыру арқылы жөзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының жастарына:

1) жұмысқа орналасуға, кәсіби даярлануға, біліктілігін арттыруға жәрдемдесуге;

2) мемлекеттік ұйымдарда немесе жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі елу проценттен асатын ұйымдарда жұмыс орнын беруге жәрдемдесуге;

3) мүгедек жас адамдар үшін жоғары оқу орындарында оқу, қайта даярлау және тағылымдамадан оту бағдарламаларына, соның ішінде дистанциялық оқыту арқылы қол жеткізуін қамтамасыз етуде жәрдемдесуге кепілдіктер беріледі.

3. Жастардың тұрғын үй проблемаларын шешу Қазақстан Республикасының [зандарына](#) сәйкес жөзеге асырылады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 [№ 124-V](#) Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9-бап. Жастар жөзеге асыратын кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдау

1. Жастар жөзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке байланысты қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы Заңмен реттеледі.

2. Қазақстан Республикасы жастардың кәсіпкерлік қызметін әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық қолдау жөніндегі шаралар жүйесін белгілейді.

3. Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті жөзеге асыратын және жастар саясаты саласындағы мемлекеттік қолдауды пайдаланатын тұлғаларға:

1) заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жастар;

2) жастар ұйымдастырған шаруа немесе фермер қожалықтары;

3) қызметкерлерінің жалпы санының кемінде жетпіс процентін өздерінің құрылтайшылары болып табылатын жастар құрайтын ұйымдар жатады.

4. Жастардың кәсіпкерлік қызметін мемлекеттік қолдау:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарының оқу-өндірістік базасында жастардың кәсіпкерлік қызметін ұйымдастыруға Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдарының жәрдемдесуі;

2) жастар арасындағы халықтың әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарын кәсіпкерлік қызметке тарту;

3) жастарға кәсіпкерлік қызмет негіздерін оқыту, шарт негізінде оқу орындары мен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастықты дамыту;

4) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 [№ 124-V](#) Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) белгілі бір жұмыстарды (қызмет көрсетулерді) орындауға келісімдер жасасу мақсатында мемлекеттік органдардың осы баптың 3-тармағында аталған тұлғалармен ынтымақтастығы арқылы жүзеге асырылады.

5. Мемлекет жастардың өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының, ғылым мен техниканың, мәдениет пен өнердің, білім берудің, денсаулық сақтаудың түрлі салаларында жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуге жәрдемдесетін кәсіпкерлерді қолдайды.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27 [№ 320](#) (қолданысқа енгізілу тәртібін [2-баптан](#) қараныз), 2011.03.24

[№ 420-IV](#)

(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013

[№ 124-V](#)

(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Жас отбасыларды мемлекеттік қолдау

1. Әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуде материалдық және өзге де көмек көрсетуге, тиісті білім беру, медициналық, құқықтық, психологиялық-педагогикалық, ақпараттық, консультациялық және басқа да қызметтер, оның ішінде денсаулық сақтауды, балаларды тәрбиелеу мен дамытуды, жастарды әлеуметтік қорғауды, бейімдеу мен оңалтуды қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге бағытталған жас отбасыларды мемлекеттік қолдау Қазақстан Республикасы [Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің](#) құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Жас отбасыларын дамытуға қолайлы жағдайлар жасау мақсатында мемлекеттік қолдау:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жас отбасыларына жеңілдікті кредиттер беру;

2) оқу орнының әкімшілігімен келісім бойынша білім алушылар болып табылатын жастар арасындағы ата-аналар үшін оқу сабақтарына еркін қатысуға, баланың бір жарым жасқа толуы кезеңіне академиялық демалыс алуға құқық беру;

3) отбасылық өмірдің проблемалары, жас отбасылардың психологиялық-педагогикалық, құқықтық және басқа да мәселелері бойынша консультация беру жүйесін дамыту;

4) әлеуметтік қызмет көрсетулер, әлеуметтік көмек ұсынатын коммерциялық емес ұйымдардың жүйесін дамыту;

5) балалар мен жастардың жазғы демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыру жүйесін сақтау және дамыту;

6) Қазақстан Республикасының [заңдарында](#) көзделген тәртіппен жас отбасыларына

жоғары оқу орындары мен орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында оқу кезеңінде білім беру ұйымының жатақханасында болмелік үлгідегі тұрғын үй-жай беру;

7) мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың жүйесін дамыту арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27 [№ 320](#) (қолданысқа енгізілу тәртібін [2-баптан](#) қараныз); 03.07.2013

[№ 124-V](#)

(алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

11-бап. Талантты жастарды мемлекеттік қолдау

1. Қоғамның зияткерлік және шығармашылық әлеуетін сақтау және дамыту, Қазақстан Республикасының ғылыми, мәдени дәстүрлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында жастардың талантты және дарынды өкілдерін қолдау және олардың жемісті қызметі үшін жағдайлар жасау жөніндегі шаралар жүйесі жүзеге асырылады.

2. Талантты жастарды мемлекеттік қолдауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары қорсетеді және ол:

1) Қазақстан Республикасының [зандарында](#) белгіленген тәртіппен талантты жастар үшін сыйлықақылар, стипендиялар белгілеу, білім беру гранттарын беру;

2) ғылымның, мәдениет пен өнердің аса қорнекті қайраткерлерінің шығармашылық шеберханаларын, мектептері мен бірлестіктерін құруға жәрдемдесу;

3) орта білім беретін ұйымдарда спорт секциялары мен шығармашылық үйірмелердің қызметін ұйымдастыру;

4) аса дарынды және талантты жастарды анықтау жөніндегі орталықтарды құру және дамыту;

5) жастардың шығармашылық жетістіктерін анықтау және тарату мақсатында конкурстар, көрмелер, фестивальдар, байқаулар, концерттер, симпозиумдар, оқулар, конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру және өткізу арқылы, халықаралық жастар алмасуларын ұйымдастыру;

6) дарынды және талантты жастардың шетелдердің білім беру және ғылыми-зерттеу ұйымдарында оқыту, қайта даярлау және тағылымдамадан оту бағдарламаларына конкурстық негізде қол жеткізуін [қамтамасыз ету](#) ;

7) ғылыми-мәдени жұмысты жүргізу үшін жас ғалымдарға, мәдениет, өнер мен білім қайраткерлеріне жағдайлар жасау, жас ғалымдардың әзірлемелерін нақты қолданысқа енгізуге жәрдемдесу, сондай-ақ жастар арасынан шыққан зияткерлік кадр ресурстарын сақтау және дамыту;

8) спорт мектептерінің, клубтарының желісін дамыту, спортта дарынды жас спортшыларды қолдау, жастар арасында спорт жарыстарын өткізу;

9) талантты жастарға қолдау қорсететін жеке және заңды тұлғаларды моральдық қолдау арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-бапка озгерту енгізілді - КР 2007.07.27 [№ 320](#) (колданыска енгізілу тәртібін [2-баптан](#) караныз) Занымен.

12-бап. Жастардын халыкаралык ынтымактастыгына жәрдемдесу

1. Казакстан Республикасынын мемлекеттік органдары халыкаралык жастар ынтымактастыгына:

- 1) халыкаралык жастар алмасулары туралы келісімдерді жасасу және іске асыру, жастарды халыкаралык багдарламалар жүйесіне енгізу;
- 2) жастардын халыкаралык ынтымактастыгы саласында халыкаралык жастар алмасуларынын ыйымдастырушылары мен катысушыларына акпаратты алуга, квжаттарды әзірлеуге және әріптестерді іріктеуге комек корсету жолымен жәрдем корсетеді.

2. Жастардын халыкаралык ынтымактастыгына жәрдемдесу Казакстан Республикасынын [зандары](#) негізінде жвзеге асырылады.

3-тарау. Мемлекеттік жастар саясатын калыптастыру және іске асыру

13-бап. Мемлекеттік жастар саясатын каржымен камтамасыз ету

1. Казакстан Республикасындагы мемлекеттік жастар саясаты:

- 1) республикалык және жергілікті бюджеттер каражаты;
- 2) жеке және занды тұлгалардын ерікті мүлктік жарналары;
- 3) Казакстан Республикасынын заңдарында тыйым салынбаган озге де коздер есебінен каржыландырылады.

2. Республикалык және жергілікті бюджеттерде мемлекеттік жастар саясатын іске асыру үшін жыл сайын каражат козделеді.

Каржы каражатынын есептік колемі Казакстан Республикасынын заңнамасына сәйкес мемлекеттік жастар саясатын іске асыру үшін кажетті материалдык және каржылык ресурстар есепке алына отырып айкындалады.

3. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру шеңберіндегі іс-шараларды каржыландыру Казакстан Республикасынын [зандарында](#) белгіленген тәртіппен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс нысанында жвзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту. 13-бапка озгеріс енгізілді - КР 03.07.2013 [№ 124-V](#) Занымен (алгашкы ресми

жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**14-бап. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік
жастар саясатын қалыптастыруға және іске
асыруға жастардың қатысуы**

1. Жастар Қазақстан Республикасында мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыруға және жүргізуге қоғамдық жағынан маңызды бастамаларды іске асыру, орталық және жергілікті атқарушы органдарға отініш жасау, жастар ұйымдарының аталған органдармен өзара іс-қимыл жасауы арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де нысандарда қатысады.

2. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөнінде жастардың, жастар ұйымдарының мемлекеттік органдарға енгізетін ұсыныстарын мемлекеттік органдар өз өкілеттіктеріне сәйкес және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәртіппен қарайды.

Егер аталған ұсыныстарды қарау үшін қаржы қаражатының есебі, ақпарат жинау, құжаттардың жобаларын әзірлеу қажет болған жағдайда мемлекеттік органдар ақпараттық көмекті жүзеге асырады және аталған ұсыныстарды енгізген жастар мен жастар ұйымдарының уәкілетті өкілдерімен консультациялар жүргізеді.

3. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру және іске асыру саласында консультациялар мен іс-қимылдарды үйлестіру үшін жастар ұйымдарын олардың келісімімен тартуға құқылы.

Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру шеңберінде жастар ұйымдары мемлекеттік органдармен ынтымақтасуға, ал олардың уәкілетті өкілдері мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі консультациялық-кеңесші органдардың құрамына кіруге құқылы.

4. Жастарды мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыруға және іске асыруға тарту мақсатында уәкілетті орган Қазақстан Республикасының жастар ұйымдарымен бірлесе отырып, екі жылда кемінде бір рет жалпы республикалық Қазақстан жастары форумын - Қазақстан Республикасының жастары мен жастар ұйымдарының уәкілетті өкілдерінің форумын шақырады.

Жалпы республикалық Қазақстан жастары форумын өткізу тәртібі, өкілдік нормалары [уәкілетті орган](#) мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі [консультациялық-кеңесші органының](#) ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін жалпы республикалық Қазақстан жастары форумы туралы [ережемен](#) белгіленеді.

5. Жалпы республикалық Қазақстан жастары форумы өз құзыреті шегінде жастарға үндеу қабылдай алады, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жастар саясатын қалыптастыру және іске асыру туралы ұсынымдар әзірлей алады.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 [№ 124-V](#) Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15-бап. Жастарға арналған әлеуметтік қызметтер

1. Қазақстан Республикасында жастарды әлеуметтік қолдау мақсатында әлеуметтік қызметтер жұмыс атқарады.

2. Әлеуметтік қызметтер жұмысының бағыттары:

1) психологиялық-педагогикалық, медициналық-әлеуметтік, заңдық көмекті жүзеге асыру және кәмелетке толмағандар мен басқа да жастар оқилдеріне консультациялар беру;

2) оздерінің төни кемістіктеріне байланысты ерекше қолайсыз жағдайларда қалған адамдарға әлеуметтік көмек;

3) жас отбасыларына әлеуметтік көмек;

4) еңбек және оқу үжымдарында жастарды күкыктық қорғау;

5) мінез-құлқы девиантты кәмелетке толмағандарға, қадағалаусыз және панасыз қалған кәмелетке толмаған азаматтарға әлеуметтік көмек;

6) жастар арасындағы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарынан және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарынан оралған адамдарды, нашакорлықтан, ұйтқумарлықтан, маскүнемдіктен емдеуден өткен адамдарды, адамның иммунитет тапшылығы вирусын жүктырган және ЖҚТБ-мен ауыратын адамдарды әлеуметтік қалпына келтіру (оналту);

7) күкыктық насихат, жастардың жұмысқа орналасу, білім беру және кәсіптік даярлау, бос уақытын өткізу, туризм және спорт салаларындағы күкыктарын іске асыру мүмкіндігі туралы оларды хабардар ету;

8) жастардың тұрғылықты жері бойынша бос уақытын мазмұнды өткізуін ұйымдастыру, соның ішінде жасоспірімдер мен жастардың аула клубтарын ашу мен қолдау және жастарға көмек қорсету жөніндегі басқа да функциялар;

9) жастардың жұмысқа орналасуына және жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу болып табылады.

3. Жастарға арналған әлеуметтік қызметтер жұмыстарын қаржыландыру мемлекеттік жастар саясатын іске асыру үшін қозделген мемлекеттік бюджет қаражатының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де қоздердің есебінен жүзеге асырылады.

4. Әлеуметтік қызметтердің жастарға арнап мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын қызметі шеңберінде қорсететін әлеуметтік қызмет қорсетулері тегін ұсынылады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.11.23 [№ 354-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Казакстан Республикасындагы мемлекеттік жастар саясатын акпараттык камтамасыз ету және ғылыми негіздеу

1. Мемлекеттік органдар Казакстан Республикасындагы мемлекеттік жастар саясатын акпараттык камтамасыз ету, денсаулығын сақтауға, білім алуға, әлеуметтік қызметке, кәсіптік бағдар алуға, жұмысқа орналасуға, демалуға, әлеуметтік оналуға, жас отбасыларын қолдауға құқықтарын іске асыру мүмкіндіктері туралы, жастар ұйымдарымен ынтымақтастық нысандары және Казакстан Республикасындагы мемлекеттік жастар саясаты саласындагы басқа да құқықтарды іске асыру туралы жастарды хабардар ету жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

Бұл мақсатта жастарға арналған акпараттык жүйелерді, акпарат орталықтарын құру арқылы жастарға акпараттык қызмет қорсетуді кеңейту үшін жағдайлар камтамасыз етіледі, бұқаралық акпарат құралдарынын оқидерімен ынтымақтастық жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдар жастарды, жастар ұйымдарын мемлекеттік жастар саясатын іске асыру жөніндегі жоспарланатын және жүзеге асырылатын іс-шаралар туралы бұқаралық акпарат құралдары арқылы хабардар етуге міндетті.

2. Мемлекеттік органдар өз қызыретіне сәйкес Казакстан Республикасындагы мемлекеттік жастар саясатынын проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер ұйымдастырады. Қорсетілген зерттеулер ұзақ мерзімдік негізде жүзеге асырылады.

3. Казакстан Республикасындагы мемлекеттік жастар саясаты саласындагы зерттеулердің нәтижелері негізінде уәкілетті орган жыл сайын Казакстан Республикасындагы жастардын жағдайы туралы баяндаманы әзірлеп, Казакстан Республикасынын Үкіметіне табыс етеді және оны бұқаралық акпарат құралдарында жариялайды.

Казакстан Республикасындагы жастардын жағдайы туралы баяндаманы орталық және жергілікті мемлекеттік органдар өз қызыреті шегінде тиісті шешімдер қабылдау үшін қарайды.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен сон қолданысқа енгізіледі).

17-бап. Жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым

1. Мемлекеттік органдар Казакстан Республикасынын заңдарына сәйкес жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін құруды және онын жұмыс істеуін камтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік органдардын жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің арнаулы мақсатын өзгерту туралы, тарату туралы шешімдерді қабылдау тәртібі жастардын тіршілігін, білім алуы мен тәрбиесін, дене тәрбиесін, рухани және

имандылық жағынан дамуын қамтамасыз ету үшін мұндай шешімдерді қабылдаудың салдарын тиісті мемлекеттік органның немесе органдардың арнайы құрылған сараптама комиссиясының бағалауы жөніндегі іс-шараларды қозғайды.

3. Мемлекеттік меншік мүлкі болып табылатын, құрылуы, сатып алынуы немесе оқшауландырылуы жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты болатын мүлік (соның ішінде жер учаскелері, үйлер, құрылыстар, ғимараттар, жабдық) аталған мақсаттарына ғана сәйкес пайдаланылуы мүмкін.

Егер туындаған мән-жайларға байланысты аталған мүлікті жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында пайдалану мүмкін болмаса, оны өзге мақсаттарда пайдалану туралы шешімді тиісті уәкілетті мемлекеттік орган жастарға арналған әлеуметтік инфрақұрылым объектісінің шығынын өтеуге бағытталған шараларды алдын ала қолдану шартымен қабылдайды.

4. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жастар ұйымдарына үйлерді, ғимараттарды және олардың жарғылық мақсаттарын жүзеге асыру үшін қажетті өзге де мүлікті өтеусіз пайдалануға беруге құқылы.

5. Жастарға арналған мемлекеттің меншігіндегі әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің жұмыс істеу тәртібі, оны материалдық және қаржылай қолдау шаралары Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

4-тарау. Қорытынды ережелер

18-бап. Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

19-бап. Қазақстан Республикасының заңдарын қолдану

Осы Заң күшіне енген кезде қолданылатын Қазақстан Республикасының заңдары оған қайшы келмейтін болігінде қолданылады және ол қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде соған сәйкес келтірілуі тиіс.

20-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң, 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 6-баптың 5) тармақшасын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақ ССР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы" 1991 жылғы 28 маусымдағы Қазақ ССР-інің Заңы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 28, 377-күжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 9-10, 158-күжат; 1995 ж., N 20, 120-күжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 205-күжат);

2) Қазақ ССР Жоғарғы Советінің "Қазақ ССР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақ ССР Заңының күшіне енгізу туралы" 1991 жылғы 28 маусымдағы қаулысы (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 28, 378-күжат).

□□□□□ Қазақстан Республикасының

□□□□□ Президенті